



Тазалық – тұрмыс айнасы

Тазалықты ұлттық брендке айналдыру қажет. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 24 қыркүйекте Қазақстан Халық Кеңесінің алғашқы сессиясында осындай міндет қойды. Президент «Таза Қазақстанның» қуаты қоғамды жылдар бойы жалғасатын игі іске жұмылдыруда екенін айтты. Оның пайымынша, қала мен ауылдың келбетінен жұрттың мәдениеті, туған жеріне деген жауапкершілігі көрінеді. Осы мақсат 2024-2029 жылдарға арналған «Таза Қазақстан» тұжырымдамасында жүйеленген. Аталған ауқымды тұжырымдама кеншілер өлкесінде де өз жемісін беріп, өңірде соны серпінмен іске асырылуда.

Тазалықтың ұзаққа баруы есеп пен бақылауға да байланысты. Облыстың қала-аудандарында абаттандыру ережелерінің бұзылуын тіркеуге арналған 520 камера орнатылған. Миллионнан астам жасыл желек цифрлық есепке енгізіліп, 328 мектепте «жасыл қор» қалыптастырылған. Облыс орталығындағы жаңа



АЙТЫЛДЫ – ОРЫНДАЛДЫ

бі» мен үш жалпықалалық сенбілік өткізілген. Соның нәтижесінде 11,4 мың текше метрден астам ірі көлемді қоқыс шығарылып, 200 ағаш егілді. Пәтер иелерінің бірлестіктері, тұрғын үй кооперативтері және сервистік компаниялар 846 көпқабатты үйдің маңындағы тазалыққа қатысқан.

– Барлық жұмыс белгіленген мерзімде орындалуда. Тіпті, қала тұрғындарының ұсыныс-тілегі таразыланып, арнайы жұмыс жоспарына енгізілмек. «Таза Қазақстан» ақпараттық жүйесіне есепті кезеңде 101 өтініш түскен. Өтініштердің басым бөлігі қоқыс шығару, көшелерді абаттандыру және сыртқы жарықтандыру мәселелеріне қатысты, – деді қала әкімі Сапар Сатаев.

Қаланың қоғамдық кеңістіктері де жаңарып жатыр. Әкімдік ғимараты алдындағы 5,2 гектар аумақта жаяу жүргіншілер жолын жаңарту, субұрқакты жөндеу, көгалдандыру мен жарықтандыру жұмыстары қарастырылған. Металлургтер даңғылының 2,93 шақырымы күрделі жөндеуден өтуде. Құны 9,9 млрд теңгелік жобаны биыл аяқтау көзделген. Бұдан бөлек, 16,9 шақырым жолды орташа жөндеуге 5,2 млрд теңге бөлінген. Бұл жобалар тазалық акциясының тікелей көрсеткіші болмаса да, тұрғынға қолайлы әрі күтімі бар қала ортасын қалыптастырудың бір бөлігі.

Тазалық ісіне жастардың араласуы көңілге медеу. Жазда «Жасыл ел» құрамындағы 17 еңбек жасағына 996 теміртаулық жас тартылған. Ал, тәртіпті қадағалау бағытында сегіз айда абаттандыру ережелерін бұзған 5 932 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылып, кәсіпкерлік субьектілеріне қатысты 224 хаттама толтырылған. Еңбекке жұмылдыру мен ережені қадағалау қатар жүргенде ғана тазалық тұрақты әдетке айналады.

➤ 2-бет

• РЕСМИ

Су көлемін реттейді

Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының мамандары суармалы егіншілікте суды тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін жаңа технология әзірледі. Жаңа жүйе дәстүрлі белгіленген кесте бойынша суарудың орнына, дақылдың түрі мен даму кезеңіне қарай су көлемін икемді реттеуге мүмкіндік береді.



Аида РАХЫМҚҰЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Технология топырақтың ылғалдылығын, өсімдіктің даму кезеңін және қажетті су мөлшерін ескеретін цифрлық басқару жүйесіне негізделген. Кешен құрамына топырақ пен қоршаған ортаның жағдайын бақылайтын датчиктер, цифрлық метеостанция, су шығынын өлшейтін есептегіштер және қысым реттегіштері кіреді. Суару жүйесін қашықтан басқаруға да мүмкіндік бар.

Әзірлеменің тиімділігі тәжірибелік алқаптарда сыналды. Мәселен, қант қызылшасын өсіру кезінде гектарына 3278 текше метр су жұмсалып, есептік көрсеткішпен салыстырғанда 1572 текше метр немесе 32 пайыз су үнемделді. Бұл ретте өнімділік гектарына 1190 центнерді құрады.

Соя алқабында су үнемдеу 13 пайызға жетті. Мұнда гектарына 2620 текше метр су жұмсалып, өнімділік 46,8 центнер болды. Ал, дәндік жүгерінің жекелеген нұсқаларында өнімділік гектарына 160,2 центнерге дейін жетті.

Жаңа технология суармалы егіншілікпен айналысатын шаруашылықтарға, фермерлік қожалықтарға және ғылыми-тәжірибелік ұйымдарға арналған. Мамандардың айтуынша, жүйе ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін сақтай отырып, су ресурстарын ұқыпты пайдалануға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмыстары Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2024-2026 жылдарға арналған ғылыми-техникалық бағдарламасы аясында жалғасып жатыр.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Тазалықтың өлшемі – тұрақты нәтиже

Облыста «Таза Қазақстан» аясында биыл 45 іс-шара жоспарланған. Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Тілектес Досаевтың айтуынша, оның 38-і орындалып, жетеуі жүзеге асырылып жатыр.

– Жоспардың орындалуы – жұмыстың бір қыры. Екінші қыры – тазартылған ау-

мақтың қайта ластанбауы, егілген ағаштың жерсінуді. Бұл талаптың ауқымын облыстық көрсеткіштер аңғартады. Атап айтқанда, тазалық жұмыстарына 74 мыңнан астам адам, екі мыңға жуық кәсіпорын мен білім беру ұйымы атсалысты. Жеті мың гектарға жуық аумақ тазартылып, 176 рұқсат етілмеген қоқыс орны жойылды. Сондай-ақ, 20 мың тоннадан астам қалдық шығарылды. Жұмысқа 582 арнайы техника жұмылдырылды. Ал, 12 қыркүйектен жарияланған күзгі санитарлық айлық елдімекендерді ретке келтіру ісін ұдайы жалғастырып келеді, – дейді Тілектес Темірбекұлы.

экопаркте мыңға жуық қарағаш егілді. Мұндай істің келесі маңызды кезеңі – көшеттің күтімі мен қоғамдық кеңістіктің сақталуы. Егілген күні жұртты жұмылдырған ағаштың бірнеше жылдан кейін де сая болып тұруы жұмыстың шын нәтижесін көрсететіні кәдік.

Өнеркәсіпті Теміртаудың тынысы

Экологиялық жүктемесі жоғары өнеркәсіп қаласы Теміртау үшін абаттандырудың маңызы айрықша. Құрыш қалада жазғы-күзгі кезеңде сегіз «Таза бейсен-

• ЖӘРМӨҢКЕ – 2026

Даланың дәмін ұсынды

Күздің келуімен даладағы бірнеше айлық еңбектің нәтижесі де айқындала түседі. Диканның алқаптағы жұмысы аяқталып, жиын-терім науқаны қорытындыланса, мал шаруашылығында да жыл бойғы еңбектің жемісі көрінеді. Осы кезеңде ауыл шаруашылығы өндірушілерінің өнімін қала тұрғындарына тікелей ұсынатын дәстүрлі жәрмеңкелердің маңызы арта түседі. Облыста биылғы «Дала дәмі» жәрмеңкелер маусымы басталды.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Алғашқы сауда алаңы сенбі күні Қарағанды қаласындағы Б.Өшімов көшесінде орналасқан жаңа алаңда ұйымдастырылды. Мұнда облыстың жеті ауданынан тоқсаннан астам ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші мен өңдеу кәсіпорны, 17 және 31 қазан күндері осы алаңда жалғасады. 7 қарашада ауыл шаруашылығы өнімдерінің саудасы Балқаш, Теміртау, Шахтинск, Приозерск және Саран қалаларында өтеді.

Жәрмеңкеге келушілерге ет, картоп, көкөніс, сүт өнімдері, балық, жұмыртқа және өзге де азық-түлік түрлері ұсынылды. Алғашқы жәрмеңкеге 450 тоннадан астам өнім жеткізілді. Оның ішінде, 52 тонна ет, 240 тонна картоп, 110 тонна көкөніс, 16 тонна сүт өнімі, 9 тонна балық, 170 мың дана жұмыртқа және 20 тонна басқа да өнім бар.

Өнімдердің бағасы орташа нарықтық құннан 10-15 пайыз төмен белгіленген. Қарағанды қаласы кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің бөлім басшысының орынбасары Диас Сайдәшевтің айтуынша, баға базарлар мен азық-түлік дүкендеріндегі орташа құнды есептеу арқылы қалыптастырылады.

– Жәрмеңкенің басты мақсаты – қала тұрғындарын әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларымен орташа нарық бағасынан 10-15 пайыз төмен бағада қамтамасыз ету. Бүгінде жәрмеңкеге шамамен 450 тонна дайын өнім әкелінді. Оның ішінде, 50 тонна ет, 120 тонна картоп, сондай-ақ, көкөніс және басқа да өнімдер бар. Тауарды ауыл шаруашылығы өндірушісінің өзінен тікелей сатып алу – соңғы тұтынушы үшін өте тиімді. Бағалар базарлар мен азық-түлік дүкендеріндегі орташа құнды есептеу арқылы қалыптастырылады. Белгіленген орташа бағадан 10-15 пайыз шегеріліп, өндіруші тара-



пынан негізінен тасымалдау шығыны мен 5 пайыздан аспайтын үстемеақы ғана ескеріледі, – деді Диас Сайдәшев.

Жәрмеңкеде тауардың тұтынушыға жету жолы да қысқарады. Ауыл шаруашылығы өндірушісі өз өнімін делдалсыз ұсынып, сатып алушымен тікелей байланыс орнатады. Шаруаларға өнімін

таныстыруға, ал, тұрғындарға жергілікті тауардың сапасы мен ерекшелігі туралы ақпарат алуға мүмкіндік береді.

– Бүгінгі жәрмеңкеге Қарқаралыдан арнайы келіп отырмыз. Жылқы және сиыр етін тұрғындарға тиімді бағамен ұсынып жатырмыз. Қазір еттің келісі 3200 теңгеден сатылуда. Келушілердің де сұра-

нысы жоғары. Мұндай баға халық үшін де тиімді деп ойлаймын. Ел-жұрттың дастарқаны тоқ, берекесі мол болсын. Осындай игі шаралар баршаға жақсылық әкелсін, – дейді Қарқаралы ауданының кәсіпкері Жанна Емжарова.

Биылғы жәрмеңкенің ауыл шаруашылығы саласындағы жалпы ахуалмен де байланысы бар. Өңірде қуаныштылыққа қарамастан 556 мың тоннадан астам астық, 263 мың тоннадан астам картоп және 66 мың тонна көкөніс жиналды. Жыл басынан бері облыста 128,6 млрд теңгенің азық-түлік өнімі өндірілген. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 11,6 пайызға жоғары. Мал шаруашылығында да өсім байқалады. Ірі қара мал басы 18,8 пайызға, жылқы 15,7 пайызға, қой мен ешкі 15,2 пайызға артқан.

Жәрмеңке тек дайын өнімді сататын орын ғана емес, өңірдегі аграрлық сектордың мүмкіндігін көрсететін алаңға да айналып отыр. Әсіресе, жергілікті шаруалардың өнімін қала тұрғындарына тікелей таныстыруы олардың тұрақты тұтынушымен байланыс орнатуына жол ашады.

Ауыл шаруашылығын дамыту секторының маманы Мерей Мейіржанованың сөзінше, жәрмеңкеге өндірушілерді тарту жұмысы алдын ала жүргізіледі.

➤ 2-бет

Кәсіпкерге не керек?

Қарағанды облысында бақылау және қадағалау органдарының кәсіпкерлер алдындағы Бірыңғай есеп беру күні өтті. Кездесу облыстық кәсіпкерлер палатасының алаңында ұйымдастырылып, жиынды облыс әкімінің орынбасары Шыңғыс Сүйінбаев жүргізді.



Аида РАХЫМҚҰЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жиынға мемлекеттік және бақылау-қадағалау органдарының өкілдері, кәсіпкерлер палатасының мамандары мен бизнес өкілдері қатысты. Кездесу барысында 2026 жылдың сегіз айындағы бақылау жұмыстарының қорытындысы шығарылып, кәсіпкерлік субъектілерінде жиі кездесетін заң бұзушылықтар, заңнамадағы өзгерістер және олардың алдын алу жолдары талқыланды.

Негізгі мәселелердің бірі – салық саласы. Мемлекеттік кірістер департаментінің өкілдері жүргізілген тексерулердің нәтижелері мен әкімшілік практикаға тоқталып, салық заңнамасындағы өзгерістер жөнінде түсініктеме берді.

Жер қатынастары саласында да бірқатар бұзушылық анықталған. Сегіз айда 273 мың гектардан астам аумақта 288 жоспардан тыс

тексеру жүргізіліп, жер заңнамасының 165 бұзушылығы тіркелген. Оның 92-сі бойынша жалпы сомасы 11,7 млн теңге болатын айыппұл салынған. Кәсіпкерлерге жер учаскелерін нысаналы мақсатына сай пайдалану және игеру талаптары түсіндірілді.

Кездесуде өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелері де қаралды. Төтенше жағдайлар департаментінің өкілдері бақылау жұмыстарының нәтижесін ұсынып, кәсіпкерлік нысандарында жиі кездесетін бұзушылықтарға тоқталды.

Санитариялық-эпидемиологиялық, медициналық және фармацевтикалық бақылау бағыттары бойынша объектіге бармай жүргізілетін профилактикалық бақылау тәртібі, бақылау рәсімдерін цифрландыру және медициналық қызметке қойылатын талаптар түсіндірілді. Бұдан бөлек, еңбек заңнамасының сақталуы мен еңбек қауіпсіздігі мәселелері сөз

болды.

Сауда саласындағы жағдайға да ерекше назар аударылды. 20 қыркүйектегі мәлімет бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына белгіленген 15 пайыздық сауда үстемесін асырудың 115 фактісі анықталған. Нәтижесінде, 176 сауда субъектісі әкімшілік жауапкершілікке тартылып, жалпы сомасы 4,7 млн теңге айыппұл салынған.

Ал, жыл басынан бері Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментіне тұрғындардан 2 328 өтініш түскен. Оның мыңнан астамы қанағаттандырылған.

Бизнес өкілдерінің құқықтарын қорғау мәселесі де жиынның маңызды бөлігі болды. Кәсіпкерлер палатасының директоры Ернар Күлпейісов кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау бағытындағы жұмыстарға және бизнестің өзекті мәселелеріне тоқталды. Палата мәліметінше, жоспардан тыс



тексерулердің басым бөлігі еңбек заңнамасы, санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздік, жер қатынастары, сауда және өрт қауіпсіздігі салаларына тиесілі.

Бақылау органдарының өкілдері кәсіпкерлерге талаптарды алдын ала түсіндіру және заң бұзушылықтардың алдын алу жұмыстарының маңызын атап өтті. Бұл ретте мемлекеттік бақылаудың заңды негізде және белгіленген тәртіппен жүргізілуі басты назарда болуы тиіс.

Кездесудің соңында кәсіпкерлер мемлекеттік органдардың басшылары мен мамандарына тікелей сұрақтарын қойып, тексеру барысында туындайтын мәселелер бойынша түсініктеме алды. Сонымен қатар, анықталған бұзушылықтарды жою тәртібі мен мерзімдері түсіндірілді. Кездесуде айтылған ұсыныстар мен өзекті мәселелер тиісті мемлекеттік органдармен бірлесіп қаралатын болады.

Бірыңғай есеп беру күні жыл сайын қыркүйек айының соңғы бейсенбісінде өткізіледі. Оның негізгі мақсаты – мемлекеттік бақылау және қадағалау жұмыстарының нәтижелерін талқылау, заң бұзушылықтардың алдын алу және мемлекет пен бизнес арасындағы өзара байланысты жетілдіру.

Мұндай кездесулер кәсіпкерлерге өз құқықтары мен міндеттерін нақты білуге, ал, мемлекеттік органдарға бизнес өкілдерінің мәселелерін тікелей естіп, тиісті шаралар қабылдауға мүмкіндік береді.

Сурет «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасынан



тартылып қойған. Қазір мердігер ұйым жабдықтарды жинақтап, монтаждау жұмыстарын жүргізуде.

Осылайша, ауданда ендігі басымдық ауыз судың қолжетімділігін қамтамасыз етуден оның сапасы мен жүйенің тұрақты жұмысын арттыруға бет бұрған. Бүгінде Нұра ауданындағы 37 ауылдық елдімекеннің барлығы сапалы ауыз суға қол жеткізген. Ендігі жұмыстар сол нәтижені бекітіп, тіршілік нәрін әр шаңыраққа келдіргісіз жеткізуге бағытталады.

Ауыз судың тұрақты берілуі ауылдағы тұрмыс сапасын арттырумен қатар, елдімекендердің әлеуметтік дамуына да серпін береді. Инженерлік инфрақұрылымның жаңаруы тұрғындардың күнделікті тіршілігін жеңілдетіп, ауылда орнығып қалуына қолайлы жағдай қалыптастырады. Талдысайдағы оң өзгерістер де осыны аңғартады: ұзақ жылдар бойы көтерілген мәселенің шешілуі ауылдың келесегіне деген сенімді нығайтып отыр.

Сондықтан ауданда атқарылып жатқан жұмыстардың мәні тек жаңа құбыр тартумен немесе жер келеткен нысандарды іске қосумен шектелмейді. Су жүйелерін кезең-кезеңімен жаңарту арқылы елдімекендердегі инфрақұрылымның сапасын көтеру көзделген. Ал, ауыз судың әр шаңыраққа тұрақты әрі сапалы жетуі – ауыл тұрғындарының өмір сүруіне қажетті негізгі жағдайдың бірі.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

Тазалық – тұрмыс айнасы

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ауыл ажары ортақ іске айналғанда

Ауылдағы тазалықтың өз сипаты бар. Мұнда бір көшенің ретке келуі, қоқыс жинайтын орынның болуы, кешкі шамның жануы жұртқа бірден байқалады. Шет ауданында 9 сәуірден бері «Таза бейсенбі» тұрақты өткізіліп келеді. «Таза ауыл» акциясына ауылдық округтер мен кент әкімдіктері тұрғындарды жұмылдырған. Аудан әкімі Мұхит Мұхтаровтың мәліметінше, қоғаландыру жоспарына енген бес мың ағаш толық жерсінді.

– Ағаш егу ісі ауылды күтіп ұстауға қажет басқа жұмыстармен қатар өрбіп келеді. Ауданда 100 қоқыс контейнері орнатылып, қалдық жинайтын 18 алаң қоршалған. Жоспарланған он бейнебақылау камерасының барлығы қойылды. Жыл басынан бері «Таза Қазақстан» жүйесі арқылы түскен 41 өтініштің бәрі мерзімінде қаралған. Көше жарығы бағытында 133 жаңа шам орнатылып, тағы 345 шам ауыстырылған. Осындай шаруалар өзара жалғасқанда ауылдың тазалығы бір күнгі сенбіліктен кейін де сақталады, – деді аудан басшысы.

Мұхит Сайлауұлының айтуынша, тұрғындардың ынтысын оятудың бір жолы – жақсы істі көпке үлгі ету. Мамыр айында өткен «Үлгілі ауыл» байқа-

уында Босаға ауылдық округі үздік атанды. Ал, Аксу-Аюлы, Красная Поляна, Босаға, С.Сейфуллин, Дәрия, Ақжал, Тағылы, Кеншоқы және Киікті елдімекендерінде «Таза Қазақстан» белгісі бар жарықтандырылған құрылғылар орнатылған.

Тазалықтың ертеңгі есебі – ұрпақ еншісінде

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев қала және аудан әкімдеріне тұжырымдамадағы шаралардың уақытылы әрі сапалы орындалуын қатаң тапсырды. Ендігі кезекте облыстың полиция және экология департаменті заңсыз қоқыс орындарын анықтау жұмысын күшейтсе, облыстың энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық басқармасы жұмыстың орындалуын тікелей бақылауда ұстайды.

Десе де, шын мәніндегі басты есеп – қағаз жүзіндегі көрсеткіштер мен шығарылған қоқыс тоннасы емес. Ең басты нәтиже – қоғам санасындағы сілкініс. Тазалық көшені сыпырғаннан емес, сол көшеге қоқыс тастамаудан басталатынын әрбір тұрғын жете түсінгенде ғана, «Таза Қазақстан» науқандық ұраннан шынайы ұлттық ділге айналмақ. Кеншілер өлкесіндегі бүгінгі жүйелі істер – осы үлкен мақсатқа жасалған нық қадам.

Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Даланың дәмін ұсынды



(Соңы. Басы 1-бетте)

– Мұндай жәрмеңкелер өңірдегі ауыл шаруашылығының дамуына жақсы әсер етеді. Тауар өндірушілер өз өнімдерін халыққа тікелей ұсынып қана қоймай, оны таныстыруға да мүмкіндік алады. Бұл жолы жәрмеңкеге жеті ауданнан, сондай-ақ, Қарағанды және Шахтинск қалаларынан өндірушілер қатысып отыр. Абай, Ақтоғай, Бұқар жырау, Қарқаралы, Осакаров және Егіндікөл аудандарынан шаруалар келді. Олар өз өнімдерін сатып қана қоймай, тұрғындарға таныстырып, сапасы мен ерекшелігін көрсету арқылы өзіндік жарнамасын да жасайды. Жәрмеңкеге келушілер арасында ет пен сүт өнімдеріне, қайта өңделген азық-түлік тауарларына сұраныс жоғары. Өндірушілерді жәрмеңкеге қатыстыру үшін алдын ала сұраныс жіберіліп, қатысуға қызығушылық танытқан тауар өндірушілерге өз өнімдерін ұсынуға мүмкіндік беріледі. Бұл жұмыс тек Қарағанды қаласының өндірушілерімен ғана емес, облыстың аудандарымен де жүргізіледі, – деді Мерей Мейіртаханова.

Жәрмеңкеде ұсынылатын өнімдердің арасында күнделікті тұтынатын азық-түлік түрлерінің басым болуы тұрғындар үшін де маңызды. Ет пен сүт өнімдері, картоп пен көкөніс, жұмыртқа секілді тауарлардың жергілікті өндірушілерден ұсынылуы са-

тып алушыға таңдау мүмкіндігін кеңейтеді.

– Жыл сайын осындай ауыл шаруашылығы жәрмеңкесін асыға күтеміз. Жақын маңдағы аудандардан әкелінетін өнімдердің бағасы супермаркеттерге қарағанда әлдеқайда қолжетімді. Картоп, ет, сүт өнімдері мен көкөністерді осында арнайы келіп сатып аламыз. Көкөністерді көп мөлшерде алсаң, бағасы да тиімді. Жәрмеңкеге келіп, қажетті өнімдерімізді алып жатырмыз. Мұндай жәрмеңкелердің тұрғындар үшін пайдасы зор, – дейді Қарағанды қаласының тұрғыны Әсел Ербола.

Сонымен бірге, мұндай сауда алаңы қала мен ауыл арасындағы байланысты нығайтады. Бір тарапта – жыл бойы өнім өндіруге күш салған шаруа болса, екінші тарапта – сапалы әрі қолжетімді азық-түлік іздеген тұтынушы. Жәрмеңке осы екі тараптың тікелей байланысуына жағдай жасайды.

Күзгі «Дала дәмі» жәрмеңкесі ауыл шаруашылығы өнімдерін саудалайтын дәстүрлі орыннан кенірек мәнге ие болып отыр. Жәрмеңкедегі астық даярлауына қажетті өнімді сатып алса, шаруа өз еңбегінің нәтижесін тікелей тұтынушыға жеткізеді. Сөреге қойылған әр өнімнің артында егінші мен малшының маңдай тері, бірнеше айлық еңбегі мен табандылығы тұр.

Суреттер автордан

Әр үйге – таза су

Нұра ауданындағы 37 ауылдық елдімекеннің барлығы сапалы ауыз сумен қамтылған. Ендігі міндет – инженерлік желілерді жаңғыртып, тіршілік нәрін әр үйге дейін жеткізу. Биыл осы бағыттағы жұмыстар Талдысай, Балықтыкөл және Малайқұдық ауылдарында жалғасып жатыр. Әсіресе, Талдысайдағы жылдар бойы шешімін күткен су мәселесінің реттелуі ауылдың әлеуметтік ахуалына ғана емес, тұрғындардың тұрақтап қалуына да ықпал етпек.

Салтанат І.ПІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ауданда өткен жылы ауылдық елдімекендерді сапалы ауыз сумен қамту көрсеткіші 100 пайызға жетті. Алайда, мәселе мұнымен толық шешілді деуге ерте. Енді негізгі басымдық қолданыстағы инженерлік инфрақұрылымды жаңғыртуға, су жүйесінің сенімділігін арттыруға және ауыз суды тұрғындардың үйлеріне дейін жеткізуге беріліп отыр.

Осы бағыттағы ауқымды жұмыстың бірі биыл Талдысай ауылында қолға алынды. Мұнда жалпы ұзындығы шамамен 5,4 шақырым болатын ішкі су құбыры желілері қайта жаңғыртылуда. Бүгінде жұмыстың негізгі бөлігі аяқталған.

Талдысайлықтар үшін бұл – ауыл тұрғындары бірнеше жылдан бері көтеріп келген мәселенің нақты шешімі.

– Бұл мәселе 2017 жылдан бері көтерілді. Қажетті жағдайлардың болмауына байланысты ауылда қоныстанғандар болмады, жастар мұнда тұрақтап қалмады. Енді жағдай өзгеріп келеді, – дейді Талдысай ауылы қоғамдық кеңесінің төрағасы Рысбай Жүнісов.

Ауылдағы жағдайдың оңала бастағанын көші-қон да аңғарта-



ды. Кейінгі уақытта Талдысайға еліміздің онтүстік өңірлерінен отбасылар қоныс аударып бастаған. Жаңа тұрғындарға қажетті әлеуметтік қолдау көрсетілуде. Ал, ауыз су мәселесінің шешілуі ауылға орнығып, тіршілік етуге қажетті жағдайды одан әрі жақсартта түспек.

Су құбыры желілерін қайта жаңғырту жергілікті бюджет қаражаты мен осы аумақта жұмыс істейтін жер қойнауын пайдаланушылардың қолдауы арқылы жүзеге асырылуда.

– Айналамызда жер қойнауын пайдаланушылар жұмыс істейді. Солардың техникасы мен қаржылай қолдауының арқасында су құбырын тартып жатырмыз.

Тұрғындар өте риза, – дейді ауыл әкімі Әсемғұл Нұртаева.

Ауыз сумен қамтуға бағытталған жұмыстар Талдысаймен шектелмейді. Ауданның өзге елдімекендерінде де сумен жабдықтау жүйесін жетілдіруге арналған жобалар кезең-кезеңімен жүзеге асуда.

Балықтыкөл ауылында жаңа пайдалану ұңғымасы бұрғыланып, су құбыры тартылды. Жаңа нысан елдімекенді ауыз сумен тұрақты әрі сенімді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Малайқұдықта суды тазартуға арналған кешенді блок-модуль жұмыс істемек. Магистральдық су құбыры желісінен кешен орналасатын жерге дейін қажетті құбыр

• БІЗДІҢ СҰХБАТ

«Мемлекеттік тілдің болашағы жарқын»

Қарағанды облысында мемлекеттік тілдің қолданылу аясы жыл санап кеңейіп, қазақ тілін үйренуге деген қоғамдық сұраныс артып келеді. Цифрлық технология, жасанды интеллект, бизнес пен кәсіби ортада қазақ тілін дамытуға бағытталған жаңа жобалар да осы үдерістің маңызды бөлігіне айналды. Мемлекеттік тілдің қазіргі ахуалы, өңірде жүзеге асырылып жатқан жобалар және қазақ тілінің келешегі туралы облыстың тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының басшысы Алма Шалабаевамен әңгімелестік.

– Қазіргі таңда Қарағанды облысындағы тілдік ахуалды қалай сипаттар едіңіз?

– Бүгінгі таңда Қарағанды облысының тілдік ахуалын тұрақты әрі оң даму үстінде деп бағалауға болады. Өңір тарихи тұрғыдан көпұлтты және орыстілді орта басым аймақтардың бірі болғанымен, соңғы жылдары мемлекеттік тілдің қолданылу аясы кеңейіп келеді. Қазақ тілін меңгерушілер санының өсуі және оның қоғамдық өмірдегі рөлінің артуы өңірдегі тілді саясатының оң нәтижелерін көрсетеді.

Қарағанды облысында жүргізілген соңғы әлеуметтанулық зерттеу бойынша тұрғындардың шамамен 68-69%-ы қазақ тілін еркін меңгерген. Сонымен қатар, мемлекеттік мекемелерде қазақ тіліндегі құжат айналымының үлесі де артып келеді.

Осы үшін облыс көлемінде қазақ тілін оқыту курстары, сөйлесу клубтары, тіл меңгеруді ынталандыру мақсатындағы тілдік лагерьлер, байқаулар, ғылым және цифрлық технологиялар саласында қазақ тілінің қолданылуын кеңейтуге бағытталған жобалар жүзеге асырылуда.

Дегенмен, қазақ тілін қызмет көрсету, бизнес және техникалық салаларда одан әрі дамыту қажеттілігі бар. Биыл осы салаларға бағытталған жобаларға басымдық беріп отырмыз.

– Мемлекеттік тілді дамытудағы ең үлкен кедергі не, мотивацияның төмендігі ме, тілдік ортаның әлсіздігі ме, әлде басқа факторлар ма?

– Мемлекеттік тілді дамытудағы ең үлкен кедергіні бір ғана фактормен байланыстыру дұрыс болмас еді. Дегенмен, менің ойымша, шешуші рөл атқаратын мәселе – тілдік ортаның жеткілікті деңгейде қалыптаспауы.

Тілді дамыту ең алдымен оны күнделікті өмірде, қызмет көрсету саласында, өндірісте, бизнесте, цифрлық кеңістікте және қоғамдық қатынастарда кеңінен қолданумен тығыз байланысты. Азамат мемлекеттік тілдің өмірлік қажеттілікке айналғанын сезінген кезде ғана оны меңгеруге және қолдануға деген ынта артады.

Сонымен қатар, бұл жерде мотивация мәселесі де маңызды. Алайда, мотивация көбіне тілдік орта мен қоғамдық сұраныстың нәтижесінде қалыптасады. Егер мемлекеттік тіл білім алудың, кәсіби өсудің, сапалы қызмет алудың және қоғамдық коммуникацияның тиімді құралына айналса, оған деген қызығушылық та, жауапкершілік те күшейеді.

Сондықтан, бүгінгі міндет – мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтіп қана қоймай, оның қоғамдағы нақты құндылығын арттыру. Тіл саясатының негізгі мақсаты да осы – мемлекеттік тілді әрбір азаматтың күнделікті өмірінде сұранысқа ие, бәсекеге қабілетті және біріктіруші фактор ретінде орнықтыру.

– Кейінгі жылдары тіл са-



ясына қатысты қандай оң өзгерістерді ерекше атап өтер едіңіз?

– Соңғы 1-2 жылда тіл саясаты саласында бірнеше маңызды оң өзгерісті атап өтуге болады. Қазақ тілін дамытудың жаңа тұжырымдамасының іске асырылып, 2023-2029 жылдарға арналған тіл саясатын дамыту тұжырымдамасы қабылданып, мемлекеттік тілдің қоғамдағы рөлін күшейтуге бағытталған нақты индикаторлар бекітілді. Қазақ тілінің цифрлық кеңістіктегі мүмкіндіктері кеңейді. Кейінгі жылдары қазақ тіліндегі электрондық сервистер, онлайн курстар, автоматты аударма және жасанды интеллект технологиялары белсенді дамып келеді. Қазақ тілінің ұлттық корпусының базасын ұлғайту және тілдік технологияларды дамыту мемлекеттік деңгейде қолдау табуда. Мемлекеттік органдардағы қазақ тілі қолданысының ауқымы кеңейді. Құжат айналымындағы мемлекеттік тілдің үлесін ұлғайту бойынша жұмыстар жүргізілуде. Басқарма тарапынан құжат айналымы төмен мемлекеттік мекемелерге жоспарлы түрде тексерістер жүргізіліп, ұсынымдар беріледі.

Қазақтілді медиаконтент көбейді. Телеарна, интернет-платформалар және әлеуметтік желілерде қазақ тіліндегі контент көлемі артып келеді.

Қоғамдағы сұраныс артты. Қазақ тілін үйренуге қызығушылық басқа этнос өкілдері мен жастар арасында да өсіп келеді. Бұл үрдіс тілдің әлеуметтік және экономикалық маңыздылығының артуымен байланысты деп ойлаймын.

Қарағанды облысында қазақ тілін оқыту тек дәстүрлі курстармен ғана шектелмей, жаңа форматтағы жобалар арқылы жүзеге асырылуда. Әсіресе, тілдік лагерьлер, бағдарламаға енгізілген тілдік клубтар, сөйлеу алаңдары халықтың қызығушылығына ие. Сонымен қатар, ең маңызды өзгерістердің бірі – мемлекеттік тілді үйренуге деген қажеттіліктің күшеюі және жастардың қазақ тілін заман талабына сай дамуың құралы ретінде қабылдай бастауы.

– Қарағанды облысында қазақ тілінің бизнестегі, қызмет көрсету саласындағы және қоғамдық кеңістіктегі қолданысы қалай жүзеге асуда?

– Бүгінде облыста мемлекеттік тілдің бизнестегі және қызмет көрсету саласындағы қолданысының аясы жылдан-жылға кеңейіп келеді. Көптеген кәсіпкерлік нысандарда мандайшалар, жарнамалар, мәзірлер, ақпараттық материалдар қазақ тілінде ұсынылады. Қызмет көрсету орындарында қазақ тілінде қызмет көрсету мәде-

ниеті де біртіндеп қалыптасып келеді. Сонымен қатар, мемлекеттік мекемелерде, мәдени-көпшілік іс-шараларда, қоғамдық кеңістікте қазақ тілінің қолданылуына ерекше көңіл бөлінеді.

Мемлекеттік тілде қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында өңірімізде жыл сайын 3 мыңнан астам азамат мемлекеттік тілді оқыту курстарымен қамтылады. Биыл облыс бойынша 3159 адамды оқыту жоспарланған. Бүгінгі күнге дейін оның 1819-ы мемлекеттік тілді оқыту курстарына қатысып, білім алуда. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғасын табады.

– Кәсіпкерлердің қазақ тілінде сапалы жарнама әзірлеуі қалай?

– Иә, кейінгі жылдары кәсіпкерлер арасында қазақ тіліндегі жарнаманы сапалы әзірлеуге деген сұраныс бар. Бұл ең алдымен, мемлекеттік тілдің қоғамдағы рөлінің күшеюімен, тұтынушылардың мемлекеттік тілдегі сапалы ақпаратқа деген қажеттілігінің өсуімен байланысты. Қазіргі уақытта кәсіпкерлер Қазақстан Республикасының тіл туралы заңының талаптарымен ақпараттандырылған. Егер «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңның 21-бабы талаптары бұзылғаны анықталса, кәсіпкерлерге Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 75-бабына сәйкес әкімшілік шаралар қолданылады. Алғаш рет анықталған жағдайда Әкімшілік істердің бірыңғай тізімлі жүйесі арқылы ескерту беріледі. Егер құқықбұзушылық бір жыл ішінде қайталанса, заңнамаға сәйкес 5, 10 немесе 25 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады. Жалпы, жүргізіліп жатқан түсіндіру және ақпараттық жұмыстар кәсіпкерлердің мемлекеттік тілге деген жауапкершілігін арттырып, жарнама мен көрнекі ақпараттың сапасын жақсартуға оң ықпал етуде.

Жалпы, жүргізіліп жатқан түсіндіру және ақпараттық жұмыстар кәсіпкерлердің мемлекеттік тілге деген жауапкершілігін арттырып, жарнама мен көрнекі ақпараттың сапасын жақсартуға оң ықпал етуде.

– «Digital KZ» хакатонның өткізу идеясы қалай пайда болды?

– «Digital KZ» хакатонның өткізу идеясы Қызылорда қаласында таныстырылған Абай облысының тәжірибесіне негізделді. Осы форматтың өзектілігін ескеріп, жастар мен жеке тұлғалар тарапынан болған сұраныстарды назарға алып, неге осы тәжірибені Қарағанды өңірінде жүзеге асырмасқа деген ой келді. Осылайша, Қарағанды облысында қазақ тілін

цифрлық ортада дамытуға, тіл үйрену мен аударма мәселелеріне арналған жаңа IT шешімдерді қолдауға бағыт алдық.

Өңірде «Digital KZ» хакатонның өткізу идеясы қазақ тілінің цифрлық ортадағы қолданысын арттыру қажеттілігінен туындады. Біздің мақсатымыз – қазақ тілін үйренуге, қолдануға және аударма мәселелерін шешуге бағытталған заманауи мобильді қосымшалар мен инновациялық IT өнімдерді әзірлеу.

Сонымен қатар, хакатон арқылы өңірдегі цифрлық бас-тамаларды қолдап, жастардың жаңа технологиялар саласындағы шығармашылық идеяларын дамытуға мүмкіндік береміз.

– Жасанды интеллект дәуірінде қазақ тілі қандай мүмкіндіктерге ие болып отыр?

– Жасанды интеллект дәуірінде қазақ тілі үшін үлкен мүмкіндіктер ашылып отыр. Бүгінде қазақ тілінде сөйлейтін чат-боттар, аударма жүйелері, дауыс тану және мәтін генерациялау технологиялары дамып келеді. Бұл қазақ тілінің цифрлық кеңістіктегі қолданылу аясын кеңейтіп, ақпаратқа қолжетімділікті арттырады. Сонымен қатар, жасанды интеллект арқылы қазақ тілін үйрену, зерттеу және насихаттау жұмыстары жаңа деңгейге көтерілуде.

Қазіргі таңда мемлекеттік тілдің технологиялық ортада кеңінен қолданылуы – уақыт талабы. Сондықтан, қазақ тіліндегі сапалы цифрлық контентті көбейту, тілдік деректер қорын толықтыру және отандық IT-жобаларға қазақ тілін енгізу аса маңызды. Жасанды интеллект қазақ тілінің бәсекеге қабілеттілігін арттырып қана қоймай, оның ғылым, білім, бизнес және мемлекеттік басқару салаларындағы қолданысын кеңейтуге мүмкіндік береді.

Өңірімізде жүзеге асып жатқан жобаның бірі – «Сөзжасам» жобасы.

Өзіңіз білесіз, Қарағанды облысы – ірі кәсіпорындар шоғырланған өңір. Күн сайын жаңа өндірістер іске қосылып, жаңа технологиялар енгізілуде. Соған сәйкес жаңа ұғымдар мен терминдер де үздіксіз пайда болуда. Осыған орай, өндірісте қолданылатын сөздерді тек аудармай, жаңа ұғымға дәл келетін жаңа термин қалыптастыру мақсатында осы жобаны қолға алдық.

– Қарағанды облысының аудармалары арасында мемлекеттік тілді меңгеру деңгейінде айырмашылық бар ма?

– Әрине, белгілі бір деңгейде айырмашылықтар кездеседі. Бұл, ең алдымен, өңірдің демографиялық ерекшеліктеріне, тілдік ортаға және тұрғындардың күнделікті қарым-қатынас тіліне байланысты. Дегенмен, облыстың Ақтоғай, Қарқаралы, Шет аудандарынан басқа барлық қала-аудандарында мемлекеттік тілді оқытуға тең мүмкіндік жасалған. Қазіргі таңда аудан-қалаларда тіл курстары, тілдік клубтар, түрлі мәдени-ағартушылық жобалар тұрақты ұйымдастырылып келеді. Мемлекеттік тілді меңгеруге деген қызығушылық барлық өңірде біртіндеп артып келеді және бұл бағыттағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасуда.

Қазақ тілінің болашағы тек оны қанша адамның сөйлейтінімен емес, оның күрделі білім мен технологияны жеткізе алатын толыққанды заманауи тілге айналуымен анықталады. Осы бағыттағы жұмыстар табысты болса, тілдің келешегі өте жарқын деп бағалауға болады.

Сұхбаттасқан
Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

• ЖЕДЕЛ ЖЕЛІ

Тұңғыш ғарышкер көңіл айтты

Отан алдындағы әскери борышын өтеу кезінде қаза тапқан жас сарбаздардың қазасы елдің қабырғасын қайыстырды. Қаралы хабарға байланысты қазақтың Тұңғыш ғарышкері, Халық қаһарманы, сынақшы-ұшқыш Токтар Әубәкіров марқұмдардың отбасылары мен туған-туыстарына көңіл айтып, қайғыларына ортақтасты.

Әскери борышын өтеуге аттанған әрбір сарбаздың аман-дығы – оның отбасы үшін ғана емес, тұтас қоғам үшін маңызды. Сондықтан, бейбіт күнде Отан алдындағы міндетін атқарып жүрген өрімдей жастардың мезгілсіз қазасы орны толмас ауыр қайғы. Токтар Әубәкіров те көңіл айту сөзінде бұл қасіретті «бір шаңырақтың қайғысы емес, бүкіл елге ортақ ауыр жағдай» деді.

– Отан алдындағы әскери борышын өтеу жолында мезгілсіз қаза тапқан жас сарбаздардың отбасы мен жақында-

рына қайғыра көңіл айтамын. Бұл – тек бір отбасының ғана емес, бүкіл қазақ елінің қабырғасын қайыстырған орны толмас қасірет. Сарбаздардың жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын, – деді Токтар Әубәкіров.

Халық қаһарманы жаракат алған сарбаздардың тезірек сауығып, отбасыларына аман оралуына тілектестігін білдірді. Ал, қаза болған жауынгерлердің туған-туыстарына сабыр мен төзім тіледі.

Өз тілшімізден

• БІЛІМ

Мектептегі жаңа леп

Облыста үш жылдан бері Teach for Qazaqstan бағдарламасы жүзеге асырылып келеді. Бағдарлама педагогикалық тәжірибесі жоқ азаматтарға қайта даярлықтан өтіп, мектептерде, оның ішінде, ауылдық елді мекендердегі білім ошақтарында жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Осылайша, өңірге жаңа кадрлар тартылып, қала мен ауыл арасындағы білім беру алшақтығын азайтуға басымдық беріліп отыр.



Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды облысы 2023 жылы бағдарлама пилоттық түрде іске қосылған Қазақстандағы алғашқы өңір болды. Жұмысқа кіріспес бұрын болашақ мұғалімдер кәсіби қайта даярлықтан өтеді. Одан кейін оларға тьюторлар мен тәлімгерлер қолдау көрсетеді. Бұл ретте мектептерге жай ғана мамандығын ауыстыруға шешім қабылдаған адамдар емес, өртүрлі салаларда тәжірибе жинаған мамандар келеді. Олар өздерімен бірге бұрынғы кәсіби тәжірибесін ала келіп, оны балалармен жұмыс барысында қолданады.

Қазір STEM бағытындағы мұғалімдерге – математика, информатика, физика, химия және биология пәндерінің ұстаздарына сұраныс жоғары. Сонымен қатар, мектептерге қазақ және орыс тілі пәндерінің мұғалімдері қажет. Бағдарлама іске қосылғаннан бері 11 мыңнан астам өтініш түскен. Іріктеу бірнеше кезеңнен тұрады. Үміткерлердің пән бойынша білімі мен кәсіби қайта даярлықтан өту мүмкіндігі ғана емес, балалармен жұмыс істеу қабілеті, коммуникация орнатуды, жанжалдарды шеше білуі және жаңа кәсіби рөлге бейімделуі де бағаланады.

– Біз мектепке келіп, практикалық тәжірибесімен бөлісуге дайын түрлі саланың көшбасшыларын тартамыз. Бұл ретте нақты мектептердің қажеттіліктеріне бағдарланамыз, – дейді «Teach for Qazaqstan» ҚК өңірлік өкілі Александр Урмашов. Бағдарламаға қатысушының бірі – Айбек Біләлов. Ол алғашқы мамандығы бойынша астроном. Обсерваторияда жұмыс істеген, кейін қор нарығында және шығармашылық салада өзін сынап көрген. Ақырында мұғалімдік жолды таңдаған. Teach for Qazaqstan

аясында екі айлық жазғы даярлықтан өткеннен кейін Ново-Делинскі кентіндегі №11 мектепте физика пәнінің мұғалімі болып жұмыс істей бастаған.

– Физиканы өте жақсы білуім мүмкін. Бірақ, оны балаға түсіндірме алмасан, онымен ортақ тіл табысып, пәнге қызықтыра алмасам, білімнің оған іс жүзінде қолжетімді болмайтыны анық. Сондықтан, мен физиканың өзін емес, мұғалім болуды үйренуге көбірек қайта даярлануыма тура келді, – дейді педагог.

Бағдарламаның тағы бір қатысушысы – Аслан Нұрзағалиев. Оның кәсіби жолы журналистикадан басталған. Қызылордадағы журналистика факультетін тәмамдап, газеттер мен ақпарат агенттіктерінде жұмыс істеген. Кейін мұнай-газ саласы бойынша мамандық алып, технологиялық қондырғылардың операторы болып еңбек еткен. Қазір Аслан Балқаш қаласындағы Ы.Алтынсарин атындағы №25 мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ береді.

Оның айтуынша, мұғалім болуға деген қызығушылығы бала кезінен қалыптасқан. Бұған мектепте сабақ берген ұстаздары әсер еткен.

– Мектепке кезінде басқа мамандықтарда қатысқан, енді өз тәжірибесін өзгелерге жеткізгісі келетін адамдар келеді. Олар болашаққа бейжай қарамайды және біліммен бөлісу мүмкіндігіне саналы түрде таңдаған, – дейді Аслан Нұрзағалиев.

Осылайша, мектептер тек жаңа педагогтермен ғана толықпайды. Білім беру үдерісінде түрлі салаларда тәжірибе жинақтаған мамандар да тартылып, олар өздерінің кәсіби білімдері мен практикалық дағдыларын оқушыларға беруге мүмкіндік алады.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

«Saryarqa Aqparat» медиахолдингінің ұжымы Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, акын Ілияс Мұқаевқа аяулы анасы **Тілеухор КАПАСҚЫЗЫНЫҢ** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Жаңалық әрқашан жаныңызда!
<https://ortalyq.kz/>

Жерлестеріміздің жетістігі

Жапонияның Айчи-Нагоя қалаларында өтіп жатқан XX жазғы Азия ойындарында Қазақстан спортшылары үздік нәтижелер көрсетуде. Құрлық додасында Қарағанды облысының өкілдері де бірнеше спорт түрінен ел намысын қорғап, жеңіс тұғырынан көрінді.



Аида РАХЫМҚҰЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жеңіл атлетикадан Алина Чистякова жетісайыста 5568 ұпай жинап, қола медаль иеленді. Екі күнге созылған жарыста спортшы жеті түрлі сынақтан өтіп, үздіктер қатарынан табылды. Бұл нәтиже қазақстандық жеңіл атлетика үшін де елеулі жетістік болды. Өйткені, жетісайыстан Азия ойындарындағы соңғы жүлде бұдан жиырма жыл бұрын, 2006 жылы Дохада өткен Азиадада алынған еді. Сол

жарыста Ольга Рыпакова алтын медаль иеленген болатын. Араға жиырма жыл салып, Алина Чистякова осы дәстүрді жалғап, ел қоржынына қола жүлде қосты.

Семсерлесуден де қарағандылық спортшының мерейі үстем болды. Сабылдан Қазақстан ерлер құрамасы командалық есепте қола жүлдеге ие болды. Жартылай финалда қазақстандықтар Жапония құрамасымен кездесіп, 34:45 есебімен жеңілді. Осылайша, ұлттық құрама үшінші орынға тұрақтады. Команда сапында Қа-

рағанды спортшысы Артем Саркисян өнер көрсетті. Жерлесіміз бұған дейін сабылдан жекелей сында да қола жүлде еншілеген еді.

Қарағандылықтардың жүлде қоржыны батуттағы гимнастикадан да толықты. Ерлан Тасмағамбетов суперфиналда 54,69 ұпай жинап, Азия ойындарының қола жүлдегері атанды. Бұл сында Қытай спортшылары Ян Ланьюй мен Ван Цысай алғашқы екі орынды иеленді.

Өртістік жүзуде де Қараған-



ды облысының қос өкілі жүлдеге қол жеткізді. Наргиза Болатова мен Ясмин Туякова жұптық сайыста өнер көрсетіп, қола медаль еншіледі. Екі спортшының үйлесімді қимылы мен шеберлігі Қазақстан құрамасының қоржынына кезекті жүлдені қосты.

Бокстан Қарағанды облысының намысын қорғаған Аида Әбікеева жарысты ширек финалда аяқтады. 1/4 финалда жерлесіміз Қытай боксшысы Шу Лиге қарсы рингке шығып, 0:4 есебімен жеңілді.

Жапониядағы дода әлі де жалғасып жатыр. Ал, әзірге Қарағанды облысының спортшылары бірнеше спорт түрінен жүлде алып, өңір спортының әлеуетін Азия аренасында тағы бір мәрте танытты. Қарағандылық спортшылардың әр медалі мен нәтижелері ел спортының ортақ жеңістеріне қосылған үлес болып отыр.

Суреттер облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасынан

ЖӘДІГЕР

Ортақ құндылық

Қоянды ауылының №35 жалпы білім беретін мектебінің тарих пәні мұғалімі, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Нығмет Нұрмақовтың туысы Сайран Нұрмаков мұражай қорына ерекше тарихи мәні бар жәдігерді тапсырды.



Ермек БАЛТАШҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл – сонау 1928 жылы Мәскеу қаласынан Нығмет Нұрмақовтың анасына арнайы сатып алынған, 1851 жылы АҚШ-та негізі қаланған әйгілі компанияның өнімі – «Зингер» маркалы тігін машинасы. Нұрмақовтар әулетінде ғасырға жуық уақыт бойы сақталған бұл бұйым, бір қарағанда қарапайым тұрмыстық зат болғанымен, оның тарихы тереңде жатыр. Жәдігер Нығмет Нұрмақовтың отбасы мен туған-туыстарының тұрмыс-тіршілігінен сыр шертетін, сол дәуірдің тынысын бүгінгі күнге жеткізетін тарихи мұра болып табылады.

– Аталған құнды жәдігерді Қоянды ауылында өткен конференцияға барған Қарқаралы тарихи-өлкетану мұражайының

ғылыми қызметкері мұражай қорына қабылдап, Қарқаралыға алып келді. Мұндай жәдігерлердің мұражай үшін маңызы зор. Өйткені, тарихи тұлғаның өмір жолын тек құжаттар мен архивтік деректер ғана емес, оның отбасы пайдаланған заттар арқылы да тереңірек танып-білуге болады. Сайран Нұрмақовтың отбасылық мұраны мұражайға табыстауы – тарихи құндылықты сақтап, оны келешек ұрпаққа аманат етудің жарқын үлгісі, – дейді Қарқаралы тарихи-өлкетану музейінің қор сақтаушысы Айтбану Қадырова.

Бұған дейін бір ғана әулеттің мұрасы болып келген құнды жәдігер енді бүкіл өңір тұрғындарының ортақ құндылығы болып, мұражай қонақтарын осы ел мен жердің тарихымен таныстыруға қызмет етпекші.

Сурет автордан

Ел мерейін үстем етті

Қарағанды облысының тоғызқұмалақшысы Аңсаған Қожанәсіп Румынияда өткен әлем чемпионатында ел мерейін үстем етті. Жерлесіміз жарыстың екі түрінен жүлде иеленіп, бірінде әлем чемпионы атанды.



Аида РАХЫМҚҰЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

21-27 қыркүйек аралығында Бухарест қаласында тоғызқұмалақтан ерлер мен әйелдер арасында VIII әлем чемпионаты өтті. Байрақты бәсекеге 14 елден 80-нен астам спортшы қатысып, ұлттық зияткерлік ойынның үздіктері бақ сынады. Қазақстан құрамасы сапында өнер көрсеткен Аңсаған Қожанәсіп блиц түрінде қарсыластарына дес бермей, жарыстың бас жүлдесін иеленді. Осылайша, қарағандылық спортшы әлем чемпионы атанды.

Ал, рапид сайысында жерлесіміз екінші орыннан көрініп,

күміс жүлдеге қол жеткізді. Екі бағдарламада да жүлдеге іліккен Аңсағанның нәтижесі оның тоғызқұмалақтағы шеберлігін тағы бір мәрте танытты.

Ұлттық ойынымызды халықаралық аренада насихаттап жүрген спортшы үшін бұл – маңызды жетістік. Аңсағанның әлем чемпионатындағы қос жүлдесі Қарағанды облысының спорт қоржынына қосылған кезекті олжа болды.

Сурет облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасынан

ХОККЕЙ

Елордалықтарға есе жіберді

Қарағандылық «Сарыарқа» хоккей клубы Pro Hockey League аясындағы кезекті кездесуінде сырт алаңда жеңіліс тапты. Бұл жолы жерлестер елордалық «Nomad Astana» командасымен күш сынасып, 2:4 есебімен есе жіберді.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Nomad Astana» – өткен маусымның чемпиондық атағын еншілеген команда. Дегенмен, «Сарыарқаның» сырт айдындағы ойындарда осалдық таныта бермейтіні

белгілі. Қарағандылықтар бұған дейін де елордалықтарды өз айдынында сүріндіріп, жанкүйерлерін жарқын жеңіспен қуантқан еді. Сондықтан, бұл жолы да хоккей жанкүйерлері «Сарыарқадан» тартысты текетірес, әсерлі ойын күтті. Алайда, кездесу барысында жерлестер қарсыластың қақпасы-

на небәрі екі шайба енгізсе алды.

Қос команда арасындағы тартысты кездесудің алғашқы кезеңінде есеп ашылған жоқ. Екі тарапта бір-бірінің қорғанысындағы осал тұсты таппай, барынша сақ

ойнады. Есеп тек екінші кезеңде ашылды. 31-ші және 38-ші минутта айдын иелері «Сарыарқаның» қорғанысын бұзып, қонақтар қақпасына екі шайба тоғытып, есепте алға шықты. Дегенмен, жерлестер таразы басын қайта теңестіруді көп күттірмеді. Кезең соңына дейін қарағандылықтар

екі шайбамен жауап беріп, есепті теңестірді. 44-ші минутта Данила Карабан Иван Степаненконың дәл пасын шайбаға айналдырып, есеп айырмасын қысқартса, араға бір минут салып Артем Лихотников қарсылас қақпасын дәл көздеп, таблодағы көрсеткішті теңестірді.

Шешуші кезеңде елордалықтар тағы да екі шайба салып, «Сарыарқаға» есепті өзгертуге мүмкіндік бермеді. Осылайша, қарағандылықтардың «Nomad Astana» клубына қарсы алғашқы кездесуі 2:4 есебімен жеңілді.

ЖЕКПЕ-ЖЕК

17 медаль олжалады

Қарағандыда өткен пенчак силаттан ел біріншілігінде жергілікті спортшылар жоғары нәтиже көрсетті. Бірнеше күнге созылған бәсекеде жас спортшылар да, ересек шеберлер де өз мықтылығын байқатып, өңір қоржынына 17 медаль салды.



Аида РАХЫМҚҰЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

23-28 қыркүйек аралығында Қарағанды қаласында жасөспірімдер мен юниорлар

арасындағы Қазақстан чемпионаты және ересектер арасындағы Қазақстан Кубогы өтті. Елдің әр

өңірінен келген спортшылар бас қосқан додада Қарағанды облысының өкілдері 9 алтын, 3 күміс және 5 қола медаль жеңіп алды.

Жасөспірімдер мен юниорлар арасындағы чемпионатта Ерасыл Елубаев, Ернұр Ермек, Санжар Болат, Николай Апаненко және Анжела Алексеева алтын медальға қол жеткізді. Абисултан Жунусов күміс жүлде еншілесе, Ильгар Гумбатов мен Каролина Коренева қола медаль иеленді.

Ересектер арасындағы Қазақстан Кубогында қарағандылықтардың қарқынсыз бәсеңдеген жоқ. Қуандық Маликов, Илияс Даулетов, Назерке Темірғалиева және Айзат Мусабек жеңіс тұғырының ең биік сатысына көтерілді. Ал, Нұрислам Бүркітбай мен Алибек Шакенов күміс, Абылайхан Онғарбаев, Әнуар Нарықбаев және Нұрбек Карбузов қола жүлдеге ие болды.

Сурет облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасынан

КИКБОКС

Италияда «алтын» алды

Италияның Лидо-ди-Йезо-ло қаласында жасөспірімдер мен жастар арасында кикбоксан WAKO әлем чемпионаты аяқталды. Байрақты бәсекеге әлемнің 78 елінен 4900-ға жуық спортшы қатысып, спорттың түрлі санаттары бойынша бақ сынады.

Қазақстан жастар құрамасы сапында Қарағанды облысының спортшысы Арина Словесникова да өнер көрсетті. Ол 60 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде фулл-контакт дисциплинасы бойынша жарысқа қатысып, қарсыластарынан басым түсті. Нәтижесінде, жерлесіміз алтын медаль жеңіп алып, кикбоксан әлем чемпионы атанды.

Бұл додада Қазақстан құрамасы да жоғары нәтиже көрсетті. Ұлттық құрама 25 алтын медаль иеленіп, рингтік дисциплиналар бойынша жалпыкомандалық есепте бірінші орынға шықты. Осылайша, Қарағанды спортшысы халықаралық аренада шеберлігін тағы бір мәрте дәлелдеп, ел қоржынына алтын жүлде қосты.

Өз тілшімізден